ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 27 қараша іс № 5501-24-00-2/3521 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Железин ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Есенкулов Самат Жарылкапулы «Million» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

«Железин ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Есенкулов Самат Жарылкапулы «Million» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы қанағаттандырылсын.

Есенкулов Самат Жарылкапулы «Million» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Есенкулов Самат Жарылкапулы «Million» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 27.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 31.12.2024, судья Сләм А. С., 12.02.2025

5501-24-3-1/3847